

Дыбысты ажырату кезеңіндегі логопедиялық сабақ жоспары

Тақырыбы: И – Е дыбыстарын ажырату

Кезең: дыбысты ажырату кезеңі

Мақсаты: балалар алмастыратын немесе шатастыратын дыбыстарды ажыратуға үйрету, сөйлеу тілінде дұрыс қолдануға дағдыландыру.

Міндеттері:

Білімділік: дыбыстарды белгілері бойынша ажыратуға, жеке дыбыстарды буындарда, сөздерде, сөйлемдерде ажырата білуін қалыптастыру.

Түзетушілік: И дыбысына қатысты жаңа сөздер ойлату, сөйлемдер құрату. Дыбысталуы ұқсас Е дыбысымен салыстыру. баланың көріп және естіп қабылдауын, зейін және сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелік: баланы тұжырым жасай білуге, байқампаздыққа, педагогты тыңдай білуге тәрбиелеу.

Құрал – жабдықтар: айна, суреттік белгілер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру

Қол алысып, қәне, біз,

Дос болайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге,

Тез тұрыңдар шеңберге.

Қандай жақсы дос табу,

Қандай жақсы дос болу!

Достарменен бір жүру!

II. Мақсатын баяндау:

III. Артикуляциялық гимнастика:

«Дуал» жаттығуы

Жоғарғы және астыңғы тістерді көрсетіп қиналмай жымию

«Жалпақ тіл» жаттығуы

Ауызды кішкене ашып, жымиып, жалпақ тілді астыңғы ерінге қою керек. Бірден беске – оңға дейін санап осы қалыпта ұстау керек.

«Сағат» жаттығуы

Тілді ауыз қуысынан шығарып, оңға, солға қимылдату керек.

«Пя – пя - пя» жаттығуы

Ауызды ашып, тілді төменгі ерінге қойып, «пя – пя – пя.....» деп айтқызу. Ауызды ашып тұрып тілді жалпақ күйінде бірден беске – оңға дейін санап, ұстап тұру.

«Тісімізді тазалайық» жаттығуы. Ауызды кішкене ашып, жымиып тістерді көрсету керек.

Тілдің ұшын оңға – солға, жоғары – төмен жылжытып «астыңғы тістерді тазалаймыз».

Бала артикуляциялық жаттығуларды орындайды.

Мимикалық жаттығулар

- Мына заттарды жедік деп елестетейік:

Қышқыл лимон

Тәтті конфет

Ащы бұрыш

Тәтті, шырынды алма

- Аталған заттарды жеген кезде түрінің қалай өзгеретіндігін көрсетеді.

IV. Шатастыратын дыбыстар артикуляцияларындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын анықтау және оларға сипаттама беру:

Дыбыстарды таңбалармен белгілеу.

Дыбыстарға мінездеме [И], [Е]. -Балалар, қазір сендер осы [И], [Е] дыбыстарына мінездеме беріңдер. - [И] дыбысы қандай дыбыс?(дауысты)

- [И] дыбысы дауысты дыбыс,оныңішінде? (жіңішке)

- [Е] дыбысы қандай дыбыс?(дауысты)

- [Е] дыбысы дауысты дыбыс,оныңішінде? (жіңішке)

[И] мен [Е]дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайық. -Балалар,осы екі дыбыстың ұқсастығы неде?

- [Е] мен [И] дыбыстары дауысты дыбыстар

1-тапсырма: «Кім тез?» ойыны.

Ойын шарты: «И» мен «Е» дыбыстарынан басталатын сөздер айтамын. Е дыбысынан келетін сөзді естісеңдер «Е» дыбысының сигналдық белгісін, ал «И» дыбысынан келетін сөздерді естісеңдер «И» дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер.

Сөздер: ит, етік, есепші, инелік.

2-тапсырма. Ойын «Кім жылдам?»

Ойынның шарты: «Е» мен «И» дыбыстарына қатысты сурет көрсетіледі, сол көрсетілген суреттердің атын атап, буынға бөліп және орнын тауып, белгілейміз

V. Дыбыстық талдау, жинақтау бойынша жұмыс:

1-тапсырма: «Буынға буын қос».

Ки, ім, и, не, етік, ші, үс, тел, үш, кір

2-тапсырма. Жұмбақ шешу.

-Табаны суды сүйеді,

Қабағы күнге күйеді.(күріш)

-Түскенде салқын күз,

Жинадық талтын тіс.(жүгері)

- Өзі айлакер,өзі қу,

Жүрген жері айғай да шу. (түлкі)

3-тапсырма. «Е» дыбысын дұрыс айт, анық айт.

1. те – те – ли – ли

2. ис – ес – ен - ин

3. ип – еп – иш – еш

VI. Үйге тапсырма:

VII. Сабақ қорытындысы:

Мадақтау.